

А  
С 95

Балаканди



Сырттандар

26/EI-1444  
8.04.08-1482  
d. 08.10-11.08.

11.12.1794(4)  
29.01.12-88  
1.06-10  
20.10.12-1459

26.10-1459  
24.10.12-845  
06.01.17-151

O-10.



274919

# Сырттандар

**Е**ртеде бір байдың жалғыз баласы болыпты. Бір күні ол ұйықтап жатып, түс көреді. Түсінде қара қасқыр оны жейін деп жатыр екен. Бала шошып оянады. Ертеңіне сол түс тағы қайталаанады. Бала түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден қалады.


«Балам-ау, саған не болды?» деп сұраған әке-шешесіне бала көрген түсін айтады. Әкесі түс жоритын сәуегей адам іздейді. Бірақ, ешқайсысы түсті дұрыс жори алмайды.

Ақырында, бір қария сәуегей:

– Қасқырдың балаңды жемек ойы бар екен. Оны тас пен темірден жасалған үйге тықсаң да іздеп табады. Балаңа қашу керек. Құтылудың бұдан басқа амалын көрмей тұрмын – дейді.

Мұны естіген баланың әке-шешесінде зәре қалмайды. Баланы қашыруға ат іздейді. Көп жылқының ішінен жарамды ат таба алмаған әкесі:

– Балам, өзің тандап мінбесең, саған жарайтын атты таба алмадым, – дейді.



Бала қолына жүгенін алып, көп жылдан бері жылқы бағып жүрген шалға келеді. Көрген түсін айтып:

– Қашып құтылуға жарар ат тауып беріңіз, – дейді.

– Шырағым, жылқы баққаным көп жыл болды. Осында бір кер бесті бар. «Қас тұлпардың баласы аз оттап, көп жусайды, асыл текті баласы аз сөйлеп, көп тыңдайды» дегендей, сенің бағыңа тұлпар болып шықса, ғажап емес. Не болса да кер бестіні ұстап мін, – депті шал.

Бала кер бестіні жүгендеп, үйіне алып келеді. Өке-шеше, ел-жұртымен қоштасып, жолға шығады. Кер бестіні еркіне қоя береді. Осылай бірнеше күн жүреді. Бір күні алыстан артына ілескен шанды көреді. Жүрегі алып-ұшып, кер бестінің бауырына қамшыны баса береді. Бірнеше күн жүрген кер бесті өлі жүнін тастап, оқтаудай болып ширатылып, көсіле бастаған. Үш күннен соң артына қараса, жақындап қалған тілі сала құлаш, сілекейі шұбырып, аузын арандай ашып, құлаштап ұрып келе жатқан түсіндегі қара қасқыр екен. «Жалғыз менен басқа рақым етер ешкім жоқ қой!» дегендей кер бесті де ұшқан құстай





зулап келеді. Балада зәре жоқ. Анда-санда кер бестінің көзін сүртіп қояды.

«Апыр-ай, етегімнен алды-ау!» деген оймен бала мойнын бұрып тағы да артына қарайды. Қасқыр құйрық тістесіп жетіп-ақ қалған екен. Үлкендігі тайыншадай қара қасқырдың екі көзі қып-қызыл. Арс-арс етіп өршеленіп, аузын салғалы ұмтылып қояды. «Шынымен-ақ мынаған жем боламын ба?» деп, баладан ес кетті. Аттың көзін сүртуге шамасы келмей, қамшыны сілтеумен болды. Көзіне тер құйылып, кер бесті де қиналуға айналды. Сұм қара қасқыр тақымдасып, ауызды өне салдым, міне салдым деп келеді. «Енді жем болдым ғой!» деп үмітін үзген баланың көз алдына өлім елестейді.

Қара қасқыр ауызды енді сала бергенде, кенеттен маңқ етіп үрген иттің даусы естілді. Қара қасқыр пышақ кескендей, тоқтай қалады.

Баланы алып-ұшып кер бесті ілгері ұзай береді. Ми далада отырған жалғыз үйге жетіп тоқтайды. Бала анадай жерге ұшып түсіп есінен айырылады. Қасына үлкендігі тайыншадай, алқымы даладай, екі құлағы тебінгідей, екі көзі қып-қызыл, екі езуі салбыраған ұзын тұмсық, жүндестеу

келген қараауыз, көк ит келеді. Үй адамдары баланы үйге алып кіреді. Кешке жақын үй иесі оралады. Жасы 26-27-лер шамасындағы еңгезердей, ұзын бойлы, қақпақ жауырын, ат жақты, көзі өткір, қарасұр жігіт екен.

Келген жерден:

– Бәленше байдың баласысың ба? – деп сұрай бастайды.

Бала көргенін бастан-аяқ айтып береді. Әңгімесін тыңдап болған үй иесі:

– Қара қасқыр – қасқырдың сырттаны. Кер бесті – жылқының сырттаны. Қара қасқырдың саған жерік боларын кер бесті құлын күнінен білген. Басқа жылқы болғанда, қасқырдың аузына түсер едің. Мынау жатқан қарауыз – иттің сырттаны. Қара қасқырдың сені қуып келе жатқанын қарауыз күндік жерден естіген. Ит алдарыңнан шығып, қасқырдың сырттанынан құтқармағанда, барлық қасқыр атаулы өмір бойы адамға қожа болар еді. Мен – жігіттің сырттанымын. Біздің осы жақта екенімізді білген кер бесті сені осылай қарай бастап алып келді. Қара қасқыр әлі кеткен жоқ. Мына төбенің басында жатыр. Таң атқан соң қарауызды ертіп, қасқырдың




соңына түсеміз. Бүгін дем ал, – деп баланы жатқызады.

Ертеңіне жігіт:

– Кер бестіге мін, қасқырдың сырттаны жатқан төбеге қарай барайық. Сол жерге жақындаған соң мен қарауызды қоя беремін. Бұл қасқырмен арбасады. Біраздан кейін сен қасқыр жағынан, мен ит жағынан шығайық. Қасқыр иісінді сезіп, саған қарай бұрылар. Осыны аңдып тұрған қарауыз қасқырдың мойнын бұрап тастайды, – деп үйретеді.

Төбеге жақындаған соң жігіт итті қоя берді. Кер бестімен бала төбені айналып кетеді. Жігіт иттің артынан ақырын жүріп отырады. Қарауыз төбенің басына жеткенде, қасқыр оны көріп қалады. Олар бір-біріне көздерін қадап, жүндерін тікірейтіп, ырылдасады. Көздері қып-қызыл оттай жарқ-жұрқ етеді. Екі сырттан біршама уақыт арбасады. Ызаның кернегендігі сондай, мойындары терісіне сыймайтындай көрінеді. Арбасқан қалпында орындарынан көтеріледі.

Қара қасқырдан әбден қорқып қалған баланың оларға жақындауға жүрегі дауаламайды. Ал жігіт болса «Бала ар жағынан келді ме екен? Итіме не боп қалды?» деген



оймен, тез-тез басып төбеге шығады. Бала әлі көрінбейді. Екі сырттан айқасып тұр. Иесінің жақындағанын сезген ит «Келдің бе?» дегендей, мойнын бұрып қалады. Сол уақытта аңдып тұрған қара қасқыр қараауыздың шықшытына басып жіберді. Мұны көрген иттің иесі беліндегі қанжарын ала жүгіреді. Қара қасқыр иттің құлақ-шекесіне қарыс батып кеткен тісін жұлқылап суырғанша, жігіт оның ішін қанжармен есіп кеп жіберді.



Сол жерде ит те, қасқыр да мерт болады.

Жігіт иттің өлігін құшақтап, зар еңіреп жылайды. Балаға:

– Менің айтқанымды неге орындамадың?  
– деп, ұрсады.

– Маған қараймын деп итім қасқырға жем болды. Қасқырды қарауыз өлтірген болса, ит атаулы қасқырға қожа болар еді. Қасқырдың сырттанын мен өлтірдім, сондықтан енді адам қасқырға қожа болады, – деп сырттан жігіт сөзін аяқтайды.



26



# Сырттандар

**Суретшісі**

В. Пономарева

**Бас редакторы**

Қ. Байғабылова

**Редакторы**

Ғ. Момынәлиева

**Креативті дизайн мен компьютерлік қалыптауы**

**«Баур» баспасы**

Ә Жәңгіров, Е. Мельникова, С. Қарпықов

5



ISBN 9965-626-50-2

**Балақай** - первая серия книг на казахском языке для детей, куда вошли казахские народные сказки, считалки, стихи.

По вопросам оптовой продажи обращаться в торговый отдел издательства «АРУНА». Тел./факс: (3272) 728 411, 728 421

**Балақай** - балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы топтама. Топтамаға тақпақтар, санамақтар, халық ертегілері жинақталған.

Көтерме бағамен сатып алу үшін «АРУНА» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (3272) 728 421, 728 411

© «АРУНА» баспасы  
480091, Алматы қаласы,  
Чайковский к-сі, 190/184,  
23-офис.  
E-mail: aruna\_ltd@mail.ru  
Таралымы 10 000.

«IntellService»  
баспаханасында басылды.